

"Мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы № 40 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2018 жылғы 4 сәуірдегі № 92 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 4 сәуірде № 16721 болып тіркелді

БҰЙЫРДАМАНЫ:

1. "Мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы № 40 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14939 болып тіркелген, 2017 жылғы 19 сәуірдегі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурссты өткізу Қағидаларында:

24-тармақтың бірінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"Конкурс комиссиясы әрбір жарияланған бос лауазым үшін бейінді, ситуациялық және уәждемелік сұрақтар тізбесін, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органның қызметі саласында эссеңің тақырыптар тізімін қалыптастырады.";

53-тармақтың екінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"Конкурсқа (-тарға) қатысатын және бос лауазымға (-дарға) орналасуға (оның ішінде екі және одан көп лауазымдарға) арналған әңгімелесуге жіберілген кандидат бір әңгімелесуден өтеді, оның барысында оған үміттенген бос лауазымға (-дарға) байланысты сұрақтар қойылады және осы Қағидалардың 54 және 91-тармақтарымен белгіленген жағдайларда конкурс комиссиясы айқындаған тақырыптардың біреуіне ғана эссе жазады.";

54-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"54. Басқарушы лауазымдарына үміттенген кандидаттар конкурс комиссиясымен айқындалған тақырыптар тізімінен бір эссеңі жазады. Эссе осы Қағидалардың 4-қосымшасында белгіленген параметрлерге сәйкес Комиссиямен бағаланады. Эссеңі жазу уақыты 45 минуттан аспау керек.";

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"55. Әңгімелесу өткізілгеннен кейін екі жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізілетін қорытынды отырыста конкурс комиссиясы кандидаттарды ұсынылған құжаттардың негізінде, сондай-ақ эссеңі бағалау нәтижелерін және конкурс сұрақтарына жауаптарды қамтитын өткізілген әңгімелесудің нәтижелері бойынша кандидаттардың қатарынан бос лауазымға орналастыру үшін іріктеуді жүзеге асырады.";

56-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"56. Кандидаттарды бағалау нәтижелері осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысандағы бағалау парагына әрбір үміттенген бос лауазым бойынша бөлек енгізіледі.";

91-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"91. Басқарушы лауазымдарына үміттенген кандидаттар конкурс комиссиясымен айқындалған тақырыптар тізімінен бір эссеңі жазады. Эссе осы Қағидалардың 4-қосымшасында белгіленген параметрлерге сәйкес Комиссиямен бағаланады. Эссеңі жазу уақыты 45 минуттан аспау керек.";

92-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"92. Әңгімелесу өткізілгеннен кейін екі жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізілетін қорытынды отырыста конкурс комиссиясы кандидаттарды ұсынылған құжаттардың негізінде, сондай-ақ эссеңі бағалау нәтижелерін және конкурс сұрақтарына жауаптарды қамтитын өткізілген әңгімелесудің нәтижелері бойынша кандидаттардың қатарынан бос лауазымға орналастыру үшін іріктеуді жүзеге асырады.";

93-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"93. Кандидаттарды бағалау нәтижелері осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысандағы бағалау парагына әрбір үміттенген бос лауазым бойынша бөлек енгізіледі.";

4-қосымшасы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Мемлекеттік қызмет департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықтың ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының мемлекеттік қызмет мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері
және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігінің төрағасы

A. Шпекбаев

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
және сыйбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының
2018 жылғы 4 сәуірдегі
№ 92 бұйрығына қосымша
"Б" корпусының мемлекеттік
әкімшілік лауазымына
орналасуга конкурс өткізу
қағидаларының
4-қосымшасы
Нысан

Кандидатты бағалау парагы (басқарушы лауазымдар үшін)

Кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Лауазымы _____

1-сұрақ (сұрақтардың жалпы тізіміндегі нөмірі) _____

2-сұрақ (сұрақтардың жалпы тізіміндегі нөмірі) _____

3-сұрақ (сұрақтардың жалпы тізіміндегі нөмірі) _____

Өлшем	Балл *
1-сұраққа жауап (бейінді)	
2-сұраққа жауап (ситуациялық)	
3-сұраққа жауап (уәждемелік)	
4-сұраққа жауап (Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын білу)**	
Эссені жазу	
Кәсіби тәжірибе	
Білім деңгейі	
Басқару дағдылары	
Коммуникативтік дағдылар	

Барлығы	

Ескертпе:

* 0-ден 5 баллға дейін қойылады

** "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларының 24-тармағында көрсетілген мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының санаттарына қолданылады

*** қосымша өлшем мемлекеттік органмен қажет болған жағдайда дербес айқындалады

1-сұраққа жауап (бейінді):

0 балл – кандидат сұраққа жауап ұсынбады

1 – 2 балл – кандидаттың қойылған сұрақ тақырыбы бойынша жалпы түсінігі бар

3 – 4 балл – кандидат қойылған сұрақтың тақырыбын жақсы меңгерген

5 балл – кандидат қойылған сұрақтың тақырыбын толығымен меңгерген

2-сұраққа жауап (ситуациялық):

0 балл – кандидат жауап ұсынбады

1 – 2 балл – кандидат жағдайға тиімсіз тәсілді сипаттады

3 – 4 балл – кандидат жалпы дұрыс тәсілді сипаттады, бірақ әрекет етудің толық алгоритмін ұсына алмады

5 балл – кандидат дұрыс тәсілді сипаттап, әрекет етудің дәлелді алгоритмін ұсынды

3-сұраққа жауап (уәждемелік):

0 балл – кандидат жауап ұсынбады

1 – 2 балл – кандидаттың лауазым таңдау туралы негіздемесі әлсіз дәлелденген, үйлесімсіз, кандидаттың одан әрі жоспарлары туралы анық түсінігі жоқ

3 – 4 балл – кандидаттың лауазым таңдау туралы негіздемесі және кейінгі жоспарлары жалпы дәлелденген, бірақ анық мақсаттары көрсетілмеген

5 балл – кандидаттың лауазым таңдау туралы негіздемесі дәлелденген, қойылған мақсаттарға табысты жетуге бағытталған

4-сұраққа жауап (Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын білу)

0 балл – кандидат сұраққа жауап ұсынбады

1 – 2 балл – кандидаттың Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттары туралы жалпы түсінігі бар

3 – 4 балл – кандидат Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды жақсы меңгерген

5 балл – кандидат Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын толығымен меңгерген

Эссеңі бағалаудың параметрлері (100 (жұз) сөзден кем емес):

0 балл – кандидат эссеңі жазған жоқ немесе тақырыбын ашып жазған жоқ (мәселені білмейтіндігін көрсетті)

1 – 2 балл – кандидат эссе тақырыбын жартылай ашты (тиісті сала туралы жалпы білімі және түсінігі бар)

3 – 4 балл – кандидат эссе тақырыбын жақсы ашты (тиісті сала туралы ауқымды білімі және түсінігі, дербес және критикалық талдаудың өте жақсы деңгейі бар)

5 балл – кандидат эссе тақырыбын толығымен ашты (тиісті сала туралы терең білімі және түсінігі, дербес және критикалық талдаудың жоғары деңгей бар, саланы жетілдіру бойынша шараларды ұсынады)

Кәсіби тәжірибе:

0 балл – лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кәсіби тәжірибесі жок

1 балл – бір жылға дейінгі тиісті кәсіби тәжірибе

2 балл – бір жылдан екі жылға дейінгі тиісті кәсіби тәжірибе

3 балл – екі жылдан үш жылға дейінгі тиісті кәсіби тәжірибе

4 балл – үш жылдан бес жылға дейінгі тиісті кәсіби тәжірибе

5 балл – тиісті кәсіби тәжірибесі бес жыл және одан астам

Білім деңгейі:

1 балл – білімі сәйкес келеді

2 балл – тиісті саладағы магистр

3 балл – тиісті саладағы PhD доктор

4 балл – тиісті салада ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар

5 балл – тиісті салада ғылым докторы ғылыми дәрежесі бар

Басқару дағдылары:

1 балл – басқарушы лауазымдағы жұмыс тәжірибесі үш жылға дейін

2 балл – басқарушы лауазымдағы жұмыс тәжірибесі үш жылдан төрт жылға дейін

3 балл – басқарушы лауазымдағы жұмыс тәжірибесі төрт жылдан бес жылға дейін

4 балл – басқарушы лауазымдағы жұмыс тәжірибесі бес жылдан алты жылға дейін

5 балл – басқарушы лауазымдағы жұмыс тәжірибесі 6 жыл және одан астам

Коммуникативтік дағдылар:

0 балл – кандидат әңгіме жүргізу қабілетін көрсетпеді

1 балл – кандидат әңгімені қысылып жүргізеді, жетекші сұрақтарға әрекет етпейді

2 – 3 балл – кандидат әңгімені қысылып жүргізеді, бірақ жетекші сұрақтарға әрекет етеді

4 балл – кандидат кәсіби тақырып бойынша әңгімені жеңіл жүргізеді, бірақ ситуациялық және уәждемелік сұрақтар кезінде ой қисынын жоғалтады

5 балл – кандидат кәсіби тақырып бойынша әңгімені еркін жүргізеді, кез келген тақырыптағы сұрақтарға онай жауап береді.

Кандидатты бағалау парагы (атқарушы лауазымдар үшін)

Кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Лауазымы _____

1-сұрақ (сұрақтардың жалпы тізіміндегі нөмірі) _____

2-сұрақ (сұрақтардың жалпы тізіміндегі нөмірі) _____

3-сұрақ (сұрақтардың жалпы тізіміндегі нөмірі) _____

Өлшем	Балл *
1-сұраққа жауап (бейінді)	
2-сұраққа жауап (ситуациялық)	
3-сұраққа жауап (уәждемелік)	
Кәсіби тәжірибе	
Білім деңгейі	
Коммуникативтік дағдылар	
**	
Барлығы	

Ескертпе:

* 0-ден 5 баллға дейін қойылады

** қосымша өлшем мемлекеттік органмен қажет болған жағдайда дербес айқындалады

1-сұраққа жауап (бейінді):

0 балл – кандидат сұраққа жауап ұсынбады

1 – 2 балл – кандидаттың қойылған сұрақ тақырыбы бойынша жалпы түсінігі бар

3 – 4 балл – кандидат қойылған сұрақтың тақырыбын жақсы меңгерген

5 баллов – кандидат қойылған сұрақтың тақырыбын толығымен меңгерген

2-сұраққа жауап (ситуациялық):

0 балл – кандидат жауап ұсынбады

1 – 2 балл – кандидат жағдайға тиімсіз тәсілді сипаттады

3 – 4 балл – кандидат жалпы дұрыс тәсілді сипаттады, бірақ әрекет етудің толық алгоритмін ұсына алмады

5 балл – кандидат дұрыс тәсілді сипаттап, әрекет етудің дәлелді алгоритмін ұсынды

3-сұраққа жауап (уәждемелік):

0 балл – кандидат жауап ұсынбады

1 – 2 балл – кандидаттың лауазым таңдау туралы негіздемесі әлсіз дәлелденген, үйлесімсіз, кандидаттың одан әрі жоспарлары туралы анық түсінігі жоқ

3 – 4 балл – кандидаттың лауазым таңдау туралы негіздемесі және кейінгі жоспарлары жалпы дәлелденген, бірақ анық мақсаттары көрсетілмеген

5 балл – кандидаттың лауазым таңдау туралы негіздемесі және кейінгі жоспарлары үйлесімді, дәлелденген, қойылған мақсаттарға табысты жетуге бағытталған

Кәсіби тәжірибе:

0 балл – лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кәсіби тәжірибесі жок

1 балл – бір жылға дейінгі тиісті кәсіби тәжірибе

2 балл – бір жылдан екі жылға дейінгі тиісті кәсіби тәжірибе

3 балл – екі жылдан үш жылға дейінгі тиісті кәсіби тәжірибе

4 балл – үш жылдан бес жылға дейінгі тиісті кәсіби тәжірибе

5 балл – тиісті кәсіби тәжірибесі бес жыл және одан астам

Білім деңгейі:

1 балл – білімі сәйкес келеді

2 балл – тиісті саладағы магистр

3 балл – тиісті саладағы PhD доктор

4 балл – тиісті салада ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар

5 балл – тиісті салада ғылым докторы ғылыми дәрежесі бар

Коммуникативтік дағдылар:

0 балл – кандидат әңгіме жүргізу қабілетін көрсетпеді

1 балл – кандидат әңгімені қысылып жүргізеді, жетекші сұрақтарға әрекет етпейді

2 – 3 балл – кандидат әңгімені қысылып жүргізеді, бірақ жетекші сұрақтарға әрекет етеді

4 балл – кандидат кәсіби тақырып бойынша әңгімені жеңіл жүргізеді, бірақ ситуациялық және уәждемелік сұрақтар кезінде ой қисынын жоғалтады

5 балл – кандидат кәсіби тақырып бойынша әңгімені еркін жүргізеді, кез келген тақырыптағы сұрақтарға онай жауап береді.